

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№7 Бетқайнар колледжі» КМҚК
Қамқоршылық кеңестің
№2 хаттамасы

Күні: 20.01.2024 ж

Қатысқандар саны: 15

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Әлеуметтік жағдайы төмен және қамқоршылығы бар студенттердің білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету .
2. Студенттерге берілген тегін тамақтың сапасын қадағалау.

Тындалды: Колледж директоры Г.Е.Алимбаева

Бірінші мәселе бойынша: Әлеуметтік жағдайы төмен және қамқоршылығы бар студенттердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайы қаралды .

Әлеуметтік жағдайы төмен және қамқоршылықтағы студенттерге қолдау көрсету – бұл өте маңызды мәселе. Олар көбінесе материалдық жағдайдың қиындығына және психологиялық қысымға ұшырайды, сондықтан оларға әртүрлі бағыттарда көмек көрсетуіміз қажет. Студенттерге шәкіртақылар, әлеуметтік көмек немесе қаражат бөлініп, олардың білім алуына қажетті материалдық ресурстар қамтамасыз етіледі. Жатақхана мен тамақтану мәселелері шешілген жағдайда олардың оқуына деген мүмкіндігі артады. Қамқоршылықтағы студенттерге психологиялық көмек көрсету маңызды, себебі олар көп жағдайда отбасылық мәселелер мен ішкі дағдарыстарды бастан кешіреді. Қамқоршылықтағы студенттерге осындай қолдау көрсету оларды болашақта табысты азамат болуға жетелейді.

№23 топ 2 курс «Дәнекерлеу ісі» мамандығының студенті Олимбай Бағланбек отбасында әкесімен тұрады. Ата-анасы ажырасқан. Өзінің үлкен бауыры мен әкесінің анасымен бір шаңырақта тұрады. Әкесі аудан орталығына адам тасып таксист ретінде жұмыс істейді. Тұрмыс жағдайы төмен. Үйлеріне газ құбыры кіргізілмеген, көмірмен жылытады.

№12 топ 1 курс студенті Асқарұлы Нұрқанат отбасында ата-анасымен бірге тұрмайды. Анасы өз төркіні Қызылорда облысында тұрады. Нұрқанат әжесінің қарамағында тұрады. Тұрмыс жағдайы орташа.

Тындалды; Денельханова Наркан Валиевна

Екінші мәселе бойынша: Студенттерге берілген тегін тамақтың сапасын қадағалау қаралды. Студенттердің апталық ас мәзірі қаралып , тамақтың дайындалу сәтін көріп және сапасы қаралды. Тамақ дайындайтын ас бөлмесі таза, өнімдер мен құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі сақталған. Студенттердің денсаулығы үшін дұрыс тамақтану маңызды, сондықтан әрбір тамақтың құрамында қажетті дәрумендер мен минералдардың болуы үшін тамақ дайындау кезінде қолданылатын азық-түлік өнімдерінің мерзімі өтіп кетпегеніне, сапасына назар аударылады. Тағамдар дұрыс сақталынады және жылы күйде ұсынылады.

Шешім:

1. Әлеуметтік жағдайы төмен және қамқоршылығы бар студенттердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайы қаралып, керекті қолдау мен көмек көрсетілсін.
2. Студенттерге асханадан берілетін тегін тамақтың сапасы қадағалансын.

Хатшы:



У.Бегімбет